

19.02.2021 жыл. № J00074



ОТЕБАЕВА ЗИЯДА СЕГИЗБАЕВНА

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының әдіскері

Тақырыбы: «Балабақша - тәрбие бастауы!»

Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген ұрпақ, ендеше жақсы тәрбие ең алдымен балабақшада басталады емес пе? Әр үйдің кішкентай бөбектері мектепке дейін ата-анасының тәрбиесімен қатар өнер-білімге баулитын балабақшада өсіп, тәрбиеленетіні анық. Бүлдіршіндер үшін балабақшадағы тәрбие ата-ана берген тәлім-тәрбиені жалғастырып, жандандыратыны сөзсіз.

Біз қанша дамып басқа өмір саласындағы жетістіктерге жетсек те, бала тәрбиесі бір сәтте назардан тыс қалмауы тиіс. Бала жас тал болса, ал ересектер оған бағбан болуы ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан іс. Сәби жанын небір жақсылық нәрімен суару – оны өсіруші, тәрбиелеуші тәрбиешінің міндеті. Бүлдіршіндердің сезімдері өте нәзік, әсершіл келеді. Оларға айтқан, көрсеткен нәрселердің бәрі – шындық, сұлу, әсем, жарасымды болуы керек. Тәрбие – қалып тәрізді, егер қалып қисық, олпы-солпы болса, сол қалыпқа салынған зат та оңды болмайды.

Бала тәрбиесі де дәл сол сияқты. Сондықтанда бала бойына жас кезінен бастап рухани құндылықтар, мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік сияқты қасиеттерді қалыптастыру – тәрбиешінің міндеті. Сонда ғана бала бой көтеріп, бәйтерекке айналады.

Қазақтың белгілі ақыны Мағжан Жұмабаев: «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» дейді. Расында да балабақша табалдырығынан аттаған балаға тәрбие беру үшін тәрбиеші маманның өзі тәрбиелі, білімді, өнерлі болғаны жөн. Ұлы Мағжанша айтар болсақ, балаға тәрбиені беруде адам ең бірінші өз тәжірибесіне сүйенеді. Адамның өз тәжірибесі – оның жүріп өткен жолы, көрген-білгені. Бірақ әр адамның жолы тура жол, бала тәрбиесінде қатып қалған осы жолмен жүру керек деуге де болмайды.

Ол жолдың тек дұрысын ғана таңдап алу керек. Балаға міндетті түрде өзінді қайталату мақсат емес, өзіңнен асырып түсіру мақсат. Бала кейде сенің ойлағаныңнан да артық затты немесе қиялына ерік берсе ешкімнің ойы түгіл түсіне де кіре бермейтін идеяларды дүниеге әкелетіні рас. Сондықтан педагогтың өз тәжірибесіне сүйенуі аздық етеді. Екінші жағынан, ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу. Халқымыздың баға жетпес құнды қасиеттерін жастайынан санасына сіңіріп өскен бала өскенде ұлтжанды, халқының намысын қорғайтын азамат болмасына кім кепіл?

Балабақша. Осы сөзді қайталап айтып көріңізші. Құлаққа қандай жағымды, анық, қарапайым естілетін сөз. Жасы үшке толар толмастан тілі былдырлап, томпаңдап келген баланы бауырына қысып, еркелету, ойнату қандай қызық. Әрбір сәбидің жүзін көргенде бақыттың базарында жүргендей күй кешесің.

Балабақшада балалар бірі тілалғыш, бірі айтқанды істемейтін, бірі көңілшек, бірі ашық жайдарлы болады. Яғни, аралас орта құралады. Міне, осылардың әртүрлілігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие – адамгершілік тәрбиесі беріледі. Әр түрлі ойындар, шүйіркелесу, достасу, бірге отыру, бірге тамақтану, бір-бірін құрметтеу, ұрмау, жылатпау, көмектесу сияқты жан-жақты тәрбие беру тәрбиешінің қатысуымен іске асады. Баланың ойын кезіндегі белсенділігі, өзара қатынастар жасауы оның дамуына ықпал етеді. Сөзімді «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген халқымыздың дана сөзімен қорытындылағым келеді. Тал бесіктен бастау алған тәрбие ғана жемісті болмақ. Демек, баланың тәрбиелі ұрпақ болып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын – балабақша. Бала тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең маңызды міндет. Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байланысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, білімімізді аямайық!

* * * * *

19.02.2021 жыл. № J00075



КУПТЛЕУОВА ГУЛСАРА ПОЛАТОВНА
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
МКҚК «Күйкен» бөбекжайының Ән-саз жетекшісі
Тақырыбы: «Мамандығым мақтанышым»

Мамандық таңдау - бұл өте маңызды іс.

Мамандық - өмір таңдауы. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Мамандықтың жаманы жоқ десем, жаңылыса қоймаспын. Мен өз өмірімді ұстаздық жолына арнадым.

Ұстаз осынау сөзді айтқанда көкірегіме жылылық ұялайтын.

Ұстаздық мамандығына деген құмарлық мені бүгінгі мамандығыма алып келген жол болды. Сонау бала кезімнен бастап алғаш қолыма қалам ұстатып, әліппедегі қырық екі әріпті танытқан, мейірім мен шуағын төккен алғашқы мұғалімнің тұлғасына еліктеуші едім. Оны құдіретті күштің иесіндей сезініп, сол мұғалімнің орнында болғым келетін. Оның тұлғасы мен үшін қол жетпес армандай болатын. Енді, міне, араға бірнеше жыл салып, сол құрметті де қасиетті мамандық иесі атандым.

«...Арман құдың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексінбе, көзді жұм да, қойып кет, белді шеш те, кешіп өт...», деген нақыл сөзді жадымда ұстанамын. Өйткені мен өнерді ерекше құрметтеп, бағалаймын.

«Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», - деген Әл - Фараби бабамыздың сөзін жадымда сақтай отырып, мен тәуелсіз мемлекеттің дамуында тамшыдай үлесімді қосу мақсатында Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы МКҚК «Күйкен» бөбекжайында қызмет атқарудамын.

Осы мамандықты таңдаған себебім, маған кішкентай бүлдіршіндермен жұмыс жасау өте қатты ұнайды. Өйткені тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып, маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Десек те мен оларға, олар маған қажет екеніне сенімдімін. Осы сенімнің болуы - әр ұстаздың бақыты.

Бақытым да, байлығым да осы менің кішкентай тәрбиеленушілерім. Біріншіден - өз мамандығымды сүйдім, өз мамандығымды сүю арқылы тәрбиеленушілерімнің жүрегіне жол тауып, оларды өнерге сүйсіндіре білдім.

Екіншіден - шеберлікпен, шығармашылықпен сабақ жүргізе отырып, бүлдіршіндерімнің ынта - жігерін билеп, білімге деген құштарлығын оятып, ұстаздықтың ұлы қасиетін, шын мәніндегі үлкен абырой, бедел, білім күшінің иегері екенін жүрегіне ұялатуға тырысудамын.

Балабақшаға келген балалар сондай нәзік, пәк, таза күйінде келеді. Балалардың үлкен өмірге деген іргетасын біз қалаймыз. Яғни, балалардың болашақта тәрбиелі, мәдениетті болып өсуіне біздің қосар үлесіміз зор.

Баланың ішкі жан дүниесінің бай , ой-өрісінің дамуы, асыл қасиеттерін, қабілетін дамытушы біз - музыка жетекшісі. Мені қуандыратын жағдай балалардың музыка залына ерекше құштарлықпен келуі.

Мен оларды көргенде бойымды ерекше қуаныш сезімі кернейді.

Кіп-кішкентай балалардың өздері мені көргенде көздерінде қуаныш лебі сезіліп тұрады. Мен балаларды ән тыңдатуға, ән айтқызуға, би қимылдарын үйретуге, музыкалық аспаптармен таныстыруға бар ынта жігеріммен дайындаламын.

Балалардың жеке басының қасиетін, қабілетін, талантын, шығармашылықпен ұштайтындай етіп ұйымдастырамын.

Заман ағымына байланысты түрлі жаңалықтарды тәжірибемізге енгізе отырып, ән-күй сабағымен қатар, тақырыптық сауық кештерін, ертеңгіліктерді жиі ұйымдастырып отырамыз. Шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданамын.

Біздің міндетіміз балаға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншілігін ашып көрсету. Музыка тілін терең түсінген және меңгерген адам кеңпейіл, ақылды, сезімтал өзіне жақын адамдарды, айнала қоршаған ортаны сүйеді, түсінеді, сезінеді деп білемін.

Музыка адам жанын баурап, ақыл ой, сана сезімінің кеңейіп, жақсы мінез құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Осындай жас өрендерді шыңдамақ ниетпен «Күйкен» бөбекжайында жас өрендерді тәрбиелеп, өнерге баулып жатырмын. Сөзімнің соңында, қорыта келе, бөбекжайда тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерім өнерге жақын, әншілер, кішкентай әртістер, мың бұралған бишілер және халық салтын жалғастырушылар болып тәрбиеленулеріне көп үлесімді қосқым келеді.

* * * * *

09.02.2021 жыл. № K00007



ИСАЕВА ДАРИҒА КОНГРАТБАЕВНА
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу қызмет түрі: Сөйлеуді дамыту

Мақсаты:

А) Балаларға түрлі мамандықтар туралы түсінік беру арқылы бұрыннан беймәлім мамандықтар жайлы жалпы ұғым қалыптастыру;

Б) Балаларды әр түрлі мамандықтарға сыни тұрғысынан қарап, ойлау қабілетін, өрісін кеңейту;

В) Балаларға мамандықтар жайлы айта отырып, олардың адам мүддесі, қоғам мен халыққа қызмет етуші екендігін түсіндіріп, оларды құрметтеу, ардақтау және мақтаныш ете білу сезімін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: слайд, мамандар суреті, киім үлгілері, ойынға қажетті заттар.

Әдіс – тәсілдер: слайд көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, сұрақ-жауап, ойын, тақпақ айту.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық - қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбері Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы күн, балалар! Қайырлы күн, апайлар!</p>	Балалар шеңберге тұрады..
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>-Балалар, сендер ата-аналарыңның қайда және кім болып жұмыс жасайтынын білесіңдер ме? - Балалар, бүгін біз мамандық түрлерімен танысамыз. Слайд тамашалау. «Мамандықтар әлемі» Тәрбиеші балаларға мамандық туралы сұрақтар қоя отырып, жауаптарын толықтырып, мәлімет береді. -Балалар, сендер танысқан мамандықтан басқа қандай мамандықтарды білесіңдер? Дұрыс айтасыңдар, балалар! Мамандықтың түрлері өте көп. Атап айтсақ, дәрігер, мұғалім, тәрбиеші, сатушы, құрылысшы, жүргізуші, аспаз, шаштараз, т.б. біз бұл мамандықтармен күнделікті көп кездесеміз. - ал, соңғы кездері мамандық атауларының түрі күннен-күнге жаңарып, өзгеріп келеді. Балалар, мамандықтың жаманы болмайды, тек оны адам өз қабілетіне қарай дұрыс таңдай ала білуі қажет. Балалар, біз өзіміз қалаған мамандықтың иесі болуымыз үшін еңбексүйгіштік пен білімділік, үлкен өнер мен зор шеберлікті қажет қажет етеді.</p>	Слайдты тамашалайды.

<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік</p>	<p>Тосын сәт. Топқа аспаз, дәрігер, сатушы, шаштараз кіреді. балалармен амандасады.</p> <p>Слайд көрсету. «Кім қандай қызмет жасап жатыр?»</p> <p>Шаштараздың атқаратын қызметі- адамдардың шашын қиып, сәндеп, бояп береді.</p> <p>Дәрігердің қызметі- ауырған науқасты емдеп, ем-домын жасайды.</p> <p>Аспазшы- дәмді тағамдарды пісіреді.</p> <p>Жүргізуші- адамдарды баратын жеріне тез жеткізіп тастайды.</p> <p>Құрылысшы- зәулім ғимараттар мен қабат-қабат үйлерді тұрғызады. Міне, балалар, әр мамандық иесінің өзіндік ерекшелігі, атқаратын өзіндік қызметтерімен ерекшеленеді. Бұл мамандықтардың да барлығы да халыққа қызмет етеді. Балалар, сендердің, ата-аналарың қандай мамандық иесі екенін білесіңдер ме?</p> <p>-Ендеше, балалар, мамандық туралы тақпақ білеміз бе?</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Мамандық иелерінің қызметтері туралы айтады.</p>

	<p>Тақпақтар. -Жарайсыңдар, балалар! Енді балалар сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті. Комбайыншы ағамдай, Астықты мен орамын. Бағбаншы күшті атамдай, Бақ өсіріп аламын. Құрылысшы әкемдей, Кірпіштен үй саламын.</p> <p>Балаларды пішіндер арқылы «Аспазшы», «Сатушы», «Шаштараз», «Дүкенші» орталықтарына бөледі. Орталықтарға бөлінген балаларға келген қонақтар өздерінің қызметі туралы айтып, ойын арқылы көрсетеді. -Балалар, кәне, кім айтады, қандай мамандықпен таныстыңдар? -Олардың атқаратын қызметтері қандай? -Оларға қандай құрал қажет екен?</p> <p>Ойын: «Кімге қандай құрал қажет?» шарты: Балалар суретте көрсетілген мамандыққа қажетті құралдарын тауып, орналастырады. Аспазшы-дәмді тағамдарды пісіреді. Жүргізуші- адамдарды баратын жеріне тез жеткізіп тастайды. Құрылысшы-зәулім ғимараттар мен қабат-қабат үйлерді тұрғызады. Міне, балалар, әр мамандық иесінің өзіндік ерекшелігі, атқаратын өзіндік қызметтерімен ерекшеленеді. Бұл мамандықтардың да барлығы да халыққа қызмет етеді. Балалар, сендердің, ата-аналарың қандай мамандық иесі екенін білесіңдер ме? -Ендеше, балалар, мамандық туралы тақпақ білеміз бе?</p> <p>Тақпақтар. -Жарайсыңдар, балалар! Енді балалар сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті. Комбайыншы ағамдай,</p>	Тақпақтар.
--	--	------------

	<p>Балаларды пішіндер арқылы «Аспазшы», «Сатушы», «Шаштараз», «Дүкенші» орталықтарына бөледі. Орталықтарға бөлінген балаларға келген қонақтар өздерінің қызметі туралы айтып, ойын арқылы көрсетеді. -Балалар, кәне, кім айтады, қандай мамандықпен таныстыңдар? -Олардың атқаратын қызметтері қандай? -Оларға қандай құрал қажет екен? Ойын: «Кімге қандай құрал қажет?» шарты: Балалар суретте көрсетілген мамандыққа қажетті құралдарын тауып, орналастырады.</p>	<p>Ойынды қызығушылықпен ойнайды.</p> <p>Қимылмен қайталайды.</p> <p>Балалар өз рөлдерін сомдап шығады.</p>
<p><i>Рефлексиялық - түзетушілік</i></p>	<p>Қорытынды. -Жарайсыңдар, балалар! Біз бүгін оқу қызметімізде қандай мамандықтармен таныстық? -Олар қандай қызмет атқарады? -Балалар, сендер өскенде қандай мамандықты таңдағыларың келеді? Сабақты қорытындылау, бағалау, мадақтау.</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p>

Күтілетін нәтиже: Біледі: мамандықтар туралы толық түсінік алуы, мамандықтың атауларын, атқаратын қызметтерін;

Игереді: әр мамандықтың қызметтік атауларын;

Меңгереді: әр мамандық иелерінің әрекеттерін және құрал-жабдықтар атауларын.

19.02.2021 жыл. № K00008



АЙЛАЕВА ҰЛМЕКЕН САЙКОМҚИЗИ

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының бейнелеу маманы

Тақырыбы: «Бейнелеу өнеріндегі техникалық тәсілдер»



➤ **Монотипия**

Парақтың жартысы боялады. Парақ бүктеледі. Мысалы-көбелек, алма. (трафарет қолдануға болады)

2. **Монотипия түрі**




Шыны үстінде сурет салу. Шыныға (шеттері өңделген) бояу тамызылады, таза қағазбен шыныны жабамыз. Дақ неге ұқсайды? Мұқият қарап, ұқсастықты тап. Суретті толықтыр, ғажайыппен танысу т.б..

3. **Мөрмен сурет салу**

(Мөрлерді өшіргіштен, пенопластан, картоптан т.б. жасауға болады)

Көлем беру үшін бояуды манкамен, ағаш ұнтағымен себуге болады.



4. **Шашырату**

Бояуды сызғышпен, тарақпен, шөткемен шашыратады. Бірнеше түстер қолдануға болады.



(Мысалы ертегідегі балықтар әлемі).



7. Губкамен бояу

(Жартылай құрғақ қылқалам) жұмсақтықты береді.



8. Табиғат пішіндерін стильдеу

(Әр түрлі бейнелеу құралдарымен жалпыланған түрде жапырақ, гүл, жемістер мен жануарлар, құстарды кескіндеу).



12. Саусақпен салу

(Поролонды бояуға малып, қолға жағу).



19.02.2021 жыл. № K00009



ӨТЕҒҰЛОВА АЙҒАНЫМ ҒАБДОЛЛАҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының психологы

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» және «Баланы мектепке қалай дайындау керек?»

Ата –аналармен тренинг сабақ

Мақсаты: Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс- тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым –қатынас орнату. Ата-анаға баланы мектепке қалай дайындау керектігі жөнінде ақпарат, көмек беру.

Міндеттері: Ата-аналардың бөбекжаймен тығыз байланысын арттыру, балаларын, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Қажетті құрал жабдықтар: Үлестірмелі қағаздар, А4 формат, қалам, доп т.б

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ жауап, тест психологиялық жаттығулар.

Тренинг бағдарламасы:

1. «Ерекше танысу» жаттығуы
2. Топқа бөлу
3. «Баланы мектепке қалай дайындау керек?» дәріс
4. Ата- анаға ұсыныс
5. Ой жинақтау
6. Қызықты сұрақтар сергіту жаттығуы
- 7.Тест
- 8.Флешмоб. Қорытынды

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Бала тәрбиесі баршаға ортақ және баланы мектепке қалай дайындау керек» атты тренинг сабағымызға хош келдіңіздер! Ата –ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімді болуы. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз, біздің жағдайымызда тәрбиеші болса, оны жалғастырып демеуші ата-ана. Жүргізуші: Тренингімізді бастамас бұрын ата - аналар 3 түсті жүрекшелерден бір - бірден таңдауларыңыз сұралады. Бірдей түсті ата - аналар бірігіп бір топ боласыздар

1. «Ерекше танысу»

Нұсқау: Алдымен өз есімдеріңіздің алдына адамның бойында бар жақсы қасиеттің біреуін айтып, өзіңіз туралы қысқаша мәлімет беруіңіз керек.

Мысалы: Мен сәнді –Сандуғашпын

Мен гүлдей- Гүлнармын

2.Топқа бөлу түрлі түсті қағаздан жасалған жүректерді түсіне қарай таңдайды.

Түстер бойынша топ құрып ,бөлініп отырады.

3.Дәріс оқу тақырыбы: «Баланы мектепке қалай дайындау керек?»

4. Ата- анаға ұсыныс

5. Ой жинақтау

Үш топқа тақырып беріледі

Ата-аналар сол бойынша өз ойларын ортаға салады.

I.Бала –білімді әрі тәрбиелі болып өсуі үшін ата-ана қандай жағдай жасауы керек.

II. Балаларды теріс қылығы үшін жазалау керек пе?

III. Тәрбиеші мен ата –ана байланысының тиімділігі бар ма?

6. «Қызықты сұрақтар» сергіту жаттығуы

1. Балаңыздың сүйікті түсі?

2. Сынып жетекшісінің толық аты жөні

3. Балаңыздың сүйікті мультфильмі қандай?

4. Қандай жануарды жақсы көреді?

5. Балаңызды қалай еркелетесіз?

6. Балаңыздың хоббиі жайлы не білесіз?

7. Балаңыздың жақын досы кім?

7. Тест Сіздің көңіл күйіңіз

Мұнда ағаш бұтағы салынған сурет толық аяқталмаған, өз көзқарасыңызбен бөліктерін керегімен толықтырыңыз, тек ұзақ ойланбаңыз, алдымен ойыңызға не келеді, соны салыңыз. Суретте өзіңіздің қазіргі сезіміңізді ашып көрсете біліңіз.

Тесттің кілті

Егер сіз ағаштың бұтағын Ашық түспен жүріп өтсеңіз және суретке басқа ешнәрсе қоспасаңыз, онда осы мезеттегі өмірлік сәтіңізде сіз бір жағдаймен өте қиын күйзеліс үстіндесіз. Бәрінен бұрын сіздің мәселеңіз тек жеке басыңыздың өмірімен емес, өзіңіздің мамандығыңызбен немесе оқумен байланысты.

Егер сіз ағаштың барлық бұтағын түгелімен бояп шықсаңыз, онда сіз бірдеңеге қатты ренжідіңіз немесе сондай күйге сізді жеткізді. Сіз күйзелесіз де ренжисіз, сіздің ағашыңыз соны анық көрсетіп тұр. Егер сіз ағашқа қосымша бұталар қоссаңыз, онда сіздің ішкі жан дүниеніз қажетсіздерден қайнап тұр. Сізді ренжіткендер болмаса да жаныңызға келгендерге сіз өз сезіміңізді төңкеріп жіберуге дайын тұрсыз.

Егер сіз ағаштың бұталарына жапырақ салсаңыз, онда сіздің ішкі жан дүниеніз өз қалпында. Егерде бұтақтың төменгі жағында көп жапырақ орналасса, онда сіз осы уақытта әсер етуге емес, ойлануға және талдауға бейімсіз. Егерде бұтақтың төменгі жағына қарағанда жоғарғы жығында жапырақтар көп болса,

онда сіздің іске белсене кірісуге дайындығыңызды көрсетеді, сіз күшіңіздесіз және іс жүзінде күтудесіз.

Егер сіз бұтаққа жапырақ салсаңыз, әр жапырақты бөлек-бөлек көрсетпесеңіз, онда сіз көңілді және бақытты болу үшін көп күш жігеріңізді бөлудесіз, осы уақытта сіз бір нәрсеге пысықтануға зауқыңыз жоқ, өз ойыңыздан шаршадыңыз.

Егер сіз ағаштың қабығына негізгі күш жігеріңізді салсаңыз, онда сіздің жұмысқа берілгендігіңіз өте керемет, уақытты босқа өткізбей іспен айналысыңыз. Сізде бәрі орындалады.

Егер сіз бұтаққа құсты не жануарларды салсаңыз, онда сізге адамдармен араласу жетіспейді, сіз ет жақын туыстарыңызбен әңгімелескіңіз келеді, өз ойларыңызбен сезімдеріңіз жөнінде біреулермен бөліскіңіз келеді. Сіздің салған жануарыңыз немесе құсыңыз ұсақ болса, онда ол қобалжудың белгісі, онда мүмкін сізді бір жағдай мазалайды және қинайды. Қандай жағдай болса да, сізге ой бөлісуіңізге тура келеді. Егер сіз бұтаққа бірнеше жануарлар мен құстарды салсаңыз, онда сіздің жаныңыз жайлы жер іздейді, бірақ оны таба алмайды. Ойларыңыз көбейіп сыйыспауда, сіз оларды өзіңіз реттей алмайсыз.

Қорытындылай келе

Не білдіңіз...

Не білгіңіз келеді... сауалдары бар парақшаны толтырып шығыңыздр.

8. Флешмоб. Қорытынды

Бала дегеніміз –болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

Ұлт тәрбиесі- ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі-ата –ананың өнегелі тәрбиесінде.

19.02.2021 жыл. № K00010



ТИЛЕГЕНОВА ЖУЛДЫЗ САПАРБАЕВНА
 Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
 МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі
 Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»
 Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»

Мақсаты: Табиғат әлеміне танымдық қызығушылығын арттыру. Табиғатқа деген қамқоршылық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Табиғат-Анаға сүйіспеншілік сезіммен қарауға жетелеу.

Оқу қызметінің - кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбер Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған, Жер-Ана! Сәлем саған нұрлы Күн!	Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: «Табиғатты аялайық!» -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? -Балалар, қалай ойлайсындар, «Табиғат-дегеніміз не?» -Балалар, ендеше табиғат туралы түсінігімізді толықтыру үшін бейнекөріністі тамашалайық. Бейнекөрініс: «Табиғат тамашасы» -Міне, балалар, осы көріністе көргендеріңіздің барлығын бір сөзбен «Табиғат» деп атаймыз. Табиғат түрлері туралы қысқаша түсінік. Ғажайып сәт. Есік қағылып, ішке Саңырауқұлақ кіреді. Саңырауқұлақ:	-Қыс. Балалардың жауаптары. Балалар өз тәрибелеріне н жауап айтады. Бейнекөріністі қызыға тамашалайды. Саңырауқұлақ қа қзығушылық танытады.

	<p>-Балалар, мені таныдыңдарма? -Мені қалай атайды? -Жарайсыңдар, мен сендерге хат ала келдім. Хатты апайларың оқып берсін. Хатта: «Құрметті бүлдіршіндер! сендерді табиғат әлемінің ғажайыптарын тамашалау үшін саяхатқа шақырамын. Сәлеммен қорықшы.» -Балалар, барғыларың келе ме? Саңырауқұлақ: -Балалар, менде сиқырлы кілем бар. ендеше барлығымыз сол сиқырлы кілемшеге жайғасамыз. Шеттерінде өшіп-жанатын шамдары бар кілемшеге отырады. Тәрбиеші: -Енді балалар, көздерімізді жұмамыз. Балалар біз нелердің үстінен ұшып бара жатырмыз? (судың сылдыры – өзеннің үстінен, маңыраған мал дауысы-жайлау үстінен, құстар сайрағаны-орман үстінен). Балалар құстардың сайрағаны естілген болса, онда біз орманға келген екенбіз. Көзімізді ашып, табиғатты тамашалайық. Тосын сәт. Алдарынан орман қорықшысы шығады. Амандасады. Қорықшы: -Балалар, өздерің көріп тұрғандай, мына орман іші қоқысқа толып кетті. Орманға саяхаттап келушілер осылай орман ішін ластап кетеді. Осылай жасауға бола ма? Сендер орман ішін тазалауға көмектесесіңдерме? Ойын: «Қоқыс жинау» Шарты: орманда шашылып жатқан қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне салады. -Жарайсыңдар, балалар, сендерге мен Қазақстан табиғаты туралы фотосуреттер альбомы мен бейнебаяндар жазылған ұнтаспаны сыйға тарту етемін.</p>	<p>-Ия. - Саңырауқұлақ . Хатты мұқият тыңдайды. -Ия. Кілемшеге жайғасады. Дыбыстарды ажыратып атайды. Қорықшымен амандасады. -Жоқ болмайды. -Ия, көмектесеміз. Ойынға белсене қатысады. Балалар қуанады. Балалар келіседі.</p>
--	--	---

	<p>Апайларың топқа барған соң, сендерге көрсетеді. Тәрбиеші: -Әрине, біз балалармен бірге тамашалап көреміз! Қазір қыс мезгілі болғандықтан, орманда өсіп тұрған дақыл жоқ. Сондықтан балалар, орманда қыстап қалған құстарға жем керек. Ол үшін балалар, құстардың жемсауытын жемге толтырып берейік. Шығармашылық сәт. Ермексаздан құстарға жем жасау. -Жарайсыңдар, қорықшы ағайларың қуанып қалатын болды. Енді балалар, орман ауасы қандай таза. Таза ауада сергіту жаттығуларын қорықшы ағаймен бірге жасаймыз ба? Сергіту сәті. Әуенді сергіту жаттығулары. Тәрбиеші: -Балалар, түс мезгілі таяп қалған екен. Біздің топқа оралатын уақытымыз болды. Қорықшы ағаймен қоштасып топқа оралайық. Сиқырлы кілемшеге отырып, топқа оралады.</p>	<p>Балалар құстарға жем жасайды. Жасаған жұмыстарын Қорықшыға тапсырады. Әуенге сай қимыл жасайды. Қорықшы ағаймен қошасады. Сиқырлы кілемшеге отырып, топқа қайтады.</p>
<p>Рефлексия-лық түзетушілік</p>	<p>Қорытындылау. -Балалар, біз бүгін қайда бардық? -Нелердің үстінен өттік? -Кімді кездестірдік? -Қорықшыға қалай көмектестік? -Саяхатқа немен бардық? -Балалар, бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнадыма? Ұнаған болса, себеттегі заттар арқылы білдіреміз. Балаларды мадақтау, сабақты аяқтау.</p>	<p>-Орманға. -Тау, өзен-көл, жайлау, орман. -Қорықшы. -Қоқыстарды жинадық. -Сиқырлы кілеммен. Балалар тапсырманы орындайды.</p>

Күтілетін нәтиже:Біледі: табиғат туралы түсініктерді, табиғат түрлерін;

Игереді:құстарға ермексаздан жем жасауды;

Меңгереді:.табиғатта кездесетін ғажайып дбыстарды, табиғатты аялауды.

19.02.2021 жыл. № K00011



ТАСБОЛАТОВА МӨЛДІР НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі»

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Баланың мектепте оқуға дайындығы оның сенсорлық дамуына байланысты болады. Нәтижесінде әріптерді жазуда, суретті салуда қисықтық, еңбек сабағында жасаған заттарында дәлдік жоқ болады. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жежетін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты-баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2- жастан бастап бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша таңдау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;


Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып

қойып немесе тақтайшада ұқсас формаларға орналастыру).
4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру
Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);
Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш) байланыста бағдарлау;
Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;
Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;
Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

* * * * *

19.02.2021 жыл. № K00012



БИСЕНОВА ЖҰРСІНАЙ ХҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі
Тақырыбы: «Ойын арқылы баланың тілін дамыту»

*«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып,
оның шығармашылық қабілетін дамытады
ойынсыз ақыл- ойдың қалыптасуы мүмкін емес». В.А. Сухомлинский*

I. Кіріспе бөлімі.

Балабақашағы оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын, дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады.

Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерде педагогикалық процестер барысында баланың көңіл-күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және достарымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге көмектеседі. Ойын жаттығулар арқылы баланың білімділік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады. Психологиялық ойын-жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс- әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Ойынға зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, сол ойындардан үлкен де мәнді, мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз.

Өйткені ең алдымен не нәрсенің болсын жөн бастар қайнар көзі болатыны белгілі. Сондықтан да ойын бала бойындағы қандай да бір өнердің бастауы деп білеміз.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді., таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл- ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық - саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан- жануарларды, құстарды, ағаштарды т.б көптеген бейнелерді бейнелей алады Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

II. Негізгі бөлім.

Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек.

Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады.

Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Қазіргі кезде баулы ойыншықтардың көбейгенін немен түсіндіруге болады. Қазіргі ата – аналарда мұндай ойыншықтар болған жоқ қой, сонда олар осындай қалыпты деңгейге қалай жетті? Бір түсінбейтін нәрсе, осының бәрі не үшін керек?

Қазіргі кездің балаларында жалпы моторлық артта қалушық байқалады екен. Ұсақ моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Мысалы, баланың бас бармағын жаймен сипап отырып, оған былай деңіз:«Саусақ –бала сен қайда болдың?» Содан соң бас бармақты балан үйрекпен түйістіре отырып, « мына саусақпан орманға бардым», ортан түйрекпен түйістіре отырып, «мына саусақпен щи пісірдім».

Балаларға бұл жаттығу қатты ұнайды, уақытты да көп алмайды.

19.02.2021 жыл. № K00013



ШЕРКЕШБАЙ БАҒИЛА ЖАЛИТҚЫЗЫ
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Ертегілер еліндегі ғажайып математика»

Мақсаты: Білімдерін тиянақтау.

Білімділік: Баланың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімін тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін жетілдіру, қарапайым сан мен санаутүсініктерін қалыптастыру, апта күндерін ажырата білуге үйрету.

Тәрбиелік: Ойынның шартын сақтап ойнауға, ұйымшыл, көпшіл, шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық: Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой - өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Пәнаралық байланыс: Тіл дамыту, математика, әлеуметтік орта, шығармашылық

Көрнекілігі: Геометриялық пішіндер, тура, кері санауға арналған сандар, санауға арналған қонжық маскалары, алма ағашының макеті, шығармашылық ойынға арналған пішіндер салынған кілемшелер, алманың муляжы, үйшік макеті, ертегі кейіпкерлері, слайд.

Сабақты ұйымдастыру:

Балалармен шаттық шеңберін құрамыз.

«Әр елдің амандасу салты»

Балалар орындарына отырады.

Тәрбиеші: Жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем

Тәрбиеші: Көктем айларын ата?

Балалар: Наурыз, мамыр, маусым.

Тәрбиеші: Қымбатты балалар, қандай ертегі білесіңдер?

Балалар: «Маша мен аю», «Түлкі мен ешкі», «Қасқыр мен қоян»

Тәрбиеші: Олай болса, Маша мен аю ертегісінің қойылымын тамашалаймыз! Балалар, бүгін біз ертегілер еліндегі ғажайып пішіндермен таныспақпыз. Ерте, ерте, ертеде бір әсем сарайда Маша атты бір ерке қыз өмір сүріпті, оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты. Жалғыз тұрып іші пысқан Маша былай деп армандайды:

Маша:

О, шіркін? Менің мынадай сарайымда көп достарым болса ғой! Мен олармен бірге есеп шығарып, ойнап көңіл көтерер едім.

Осы кезде біреу есік қағады.

Аю: Кім бар мына әсем сарайда? Рұқсат болса кірейін.

Маша: Мен Машамын. Сен кімсің?

Аю: Мен Аюмын. Мен үшбұрыш ала келдім, сені таныстырайын, оның үш бұрышы, үш қабырғасы, үш төбесі бар. Ол тура сенің үйіңнің төбесіне ұқсайды.

Маша: А солай ма, мен білмеппін. Үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

1 - тапсырма. Бір аптада неше күн бар?

Біздің балаларда апта күндерін айтып береді.

Маша: Жарайсың! Кіре ғой сарайға.

Бір кезде Қасқыр келеді.

Қасқыр: Бұл сарайда кім тұрады?

Маша: Мен Машамын, сен кімсің?

Қасқыр: Мен қасқырмын. Менің қолымдағы төртбұрыш, оның төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар. Ол теледидарға ұқсайды.

Маша: Солай екен ғой, үйге кіру үшін менің тапсырмамды орында.

2 – тапсырма 1 - ден 5 - ке дейін тура, кері санап бер. 0 1 2 3 4 5 5 4 3 2 1 0

Маша: Дұрыс, үйге кіре ғой

Ойын: Көршісін тап

Қоян: Бұл әсем сарайда кім тұрады?

Маша: Мен Машамын, сен кімсің?

Қоян: Мен қоянмын, Мен саған таныстыруға дөңгелек әкелдім., оның бұрышы жоқ, допқа, күнге ұқсайды.

Маша: мм, қане маған берші, Үйге кіру үшін мына тапсырманы орындайсың.

3 - тапсырма.

Алма ағашта бес алма

Қандай тәтті жесе алма,

Бесеуінде жеп қойсаң

Қалады онда неше алма.

Қоян: 0 алма.

Маша: Дұрыс айтасын, кіре ғой.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге осындай есеп айтайын кім шешеді екен?

Төрт қонжық орманда

Келе жатты қорбандап

Біреуі шаршады

Әрмен қарай бармады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар!

Осы кезде түлкі кіріп келеді.

Түлкі: Мына әсем сарайда кім тұрады?

Маша: Мен Машамын, сен кімсің?

Түлкі: Мен түлкімін. Менің қолымдағы шаршы пішіні.

Оның төрт бұрышы, төрт қабырғасы тең.

Маша: Солай екен. Онда сен менің тапсырмамды орында.

4 - тапсырма. 1 - ден 5 - ке дейін санамақ айтып бер.

Данара:

Бір дегенің бесік, Екі дегенің елім,
Үш дегенім үміт, Төрт дегенім төзім
Бес дегенім бақыт,

Тәрбиеші: Жарайсың Түлкі.

Енді біздің балаларда санамақ білетін болар, қане кім айтып береді?

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста Емін - еркін тыныста Оң қолыңды соз алға Қол ұшына
қарада Үшбұрыш сыз ауада

Сол қол босқа тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын.

Тәрбиеші: Енді балалар аңдарды ортағашақырып отырғызайық.

5 - тапсырма. Саусақпен санап үйренейік:

Бес кәмпітім көп еді,

Сараңдығым жоқ еді.

Бір кәмпітім Аюға,

Бір кәмпітім Түлкіге.

Бір кәмпітім Қоянға,

Бір кәмпітім Қасқырға.

Өзімеде жете ме?

Қорытынды.

Тәрбиеші: Балаларға пішіндерге ұқсас заттарды теледидардан көрсету.

Балалар пішіндер туралы тақпақтар айтайық: 1. Пішіндерді үйрендім

Қабырғасы тік сайлы.

Үш бұрыш бұл үйлердің

Шатырына ұқсайды.

2. Бөлініп - ап екіге,

Отырған сәт шетінде.

Төртбұрышта ұқсайды

Үстелдердің бетіне.

6 - тапсырма. Балаларға логикалық сұрақ:

Айгүлдің мамасы дүкеннен екі төртбұрышты доп сатып әкелді. Оның біреуін бөпесіне берді. Нешеуі қалды?

Ағашқа бес торғай қонды, оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды?

7 - тапсырма. Балаларға шығармашылық ойын: «Кілемшені толтыр»

Тәрбиеші:

- Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

- Біздерге қонаққа нелер келді?

Маша: Сендермен бірге ойын ойнап, есеп шығарып, көңілімді көтергендеріне қуаныштымын. Сіздерге ризамын.

Тәрбиеші: Балалар сіздерге машаның кәмпиті бар екен.

Балаларды Маша мадақтайды.

Рольдегі балалармен таныстыру:

Маша - Аю - Қасқыр - Түлкі - Қоян -

Осымен бүгінгі «Ертегілер еліндегі ғажайып математика» атты ұйымдасқан оқу іс - әрекетіміз аяқталды.

Балалар: Қол ұстасып тұрайық

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық!

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Балалар геометриялық пішіндерді атап, ертегі кейіпкерлерін дұрыс атай білді,

Игеру керек: Дамытушы ойындар арқылы ой қабілеттерін дамыту. Сандарды ажыратуды, кері тура санауды, сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеру керек.

Меңгеру керек: Геометриялық пішіндерді ажыратуды, ертегі кейіпкерлерін шатаспай меңгергендері байқалады.

* * * * *

19.02.2021 жыл. № K00014



СЕЛБАЕВА ГУЛШАТ МАНГЫТАЕВНА

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Ғажайып математика»

Білім саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: ҚМҰҚ

Мақсаты: балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыра отырып, санау ұғымын кеңейту, геометриялық пішіндер туралы білімдерін дамыту, зейінін, логикалық ойлау қаб

Қолданылатын көрнекі құралдар ,қажетті құрал жабдықтар:қақпа құрастыруға арналған әртүрлі қораптар, құм терапиясына арналған жабдықталған үстелдер, су құйылған ыдыс, үлестірмелі материалдар, жасанды қар, алжапқыш, сулық.

Билингвальді компонент: пішіндер – фигуры, жасанды қар-искусственный снег.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p>Шаттық шеңбер <i>Қайырлы күн тілейміз, Барлық жақсы адамға. Қуанышты күлімдеп, Арайлап атқан нұр таңға,</i> Педагог: -Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз өте ерекше өтпек. Математика әлемі өте қызықты да, түсінуге қиын әлем. Балалар сендер математика әлеміне саяхатқа барғыларың келеді ме? -Ендеше математика әлемінің қызықтары мен қиындықтарын жеңу үшін саяхатқа дайындаламыз. Біз «Ғажайып пішіндер әлеміне» саяхатқа барамыз. Тосын сәт Осы кезде топқа оқушы қыздар келеді. (Қыздар пішін кейпінде келеді). Балалармен амандасады. Олардан қайда бара жатқандарын сұрайды. Оқушы қыздар: -Мені де саяхатқа ала кетесіңдерме? (Балалар топтан шығып, алдын ала дайындалған залға келеді).</p>	<p>Балалар жартылай шаттық шеңберіне тұрып, тәрбиешінің қимылын қайталайды.</p> <p>Балалар қуана келіседі.</p> <p>Балалар Оқушы қызға қызығушылық танытады.</p> <p>Балалар келіседі.</p>
<p>Ұйымдас тырушылық ізденістік</p>	<p>Педагог: -Балалар, біздің оқу саяхатымыз бірнеше бөлімдерден тұрады. Саяхатымыздың алғашқы бөлімі «Пішіндермен танысу» деп аталады. Біз бұл бөлімде пішіндермен және олардың қасиеттерімен танысамыз. -Балалар, міне, біз ғажайып пішіндер әлеміне келіп жеттік. Біз әрі қарай өтуіміз үшін бірнеше кедергілерден өтуіміз керек болады. (Алдын ала дайындалған кедергі жолдардан өтеді). -Балалар, жарайсыңдар! Енді біз ғажайып</p>	<p>Педагогті мұқият тыңдайды.</p> <p>Кедергі жолдардан өтеді.</p>

	<p>пішіндер әлеміне ену үшін, қақпадан міндетті түрде өтуіміз керек екен. Қараңдаршы, сендер мұнда қақпа көріп тұрсыңдарма?</p> <p>-Ендеше, жерде шашылып жатқан пішіндерден қақпа құрастырып алайық. (Балалар пішіндерден қақпа құрастырады).</p> <p>-Міне, балалар, қақпаны жасадық, енді қақпадан өтерде ұшып жүрген көбелектерді үрлеп, қақпадан ары өтеміз.</p> <p>-Енді міне, ғажайып пішіндер әлеміне келдік.</p> <p>-Балалар, біз пішіндермен тереңірек танысу үшін «Шығармашылық» орталықтарға бөлініе отырып, топ топ болып танысуды жалғастырамыз. Балалар, орталықтарға бөліну үшін үстел үстіндегі карточкаларды біреуден таңдап аламыз. Таңдап алынған карточкадағы суреттерге қарай топтарға бөлінеміз.</p> <p>Шығармашылық орталық үш топтан құралады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Тапқырлар» орталығы; 2. «Суретшілер» орталығы; 3. «Шеберлер» орталағы; <p>-Балалар, енді өз орталығымыздағы жұмыспен айналысу үшін әр орталықтың жұмыс ретімен таныстырып өтейін.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Тапқырлар» орталығы : Геометриялық пішіндерден машинаны жапсырады. 2. «Суретшілер» орталығы – құм терапиясына арналған үстелде пішіндерден құралған қоянның суретін салады; 3. «Шеберлер» орталығы – сіріңке қорабы мен шиден қайық жасап суға жібереді. <p>Сергіту сәті Бейнетаспа арқылы орындалады. «Өз құлпыңды тап» ойыны</p>	<p>-Жоқ, қақпа көріп тұрғанымыз жоқ.</p> <p>Балалар пішіндерден қақпа құрастырады.</p> <p>Көбелектерді үрлеп, қақпадан өтеді. Балалар қолындағы карточкалар арқылы топтарға бөлінеді.</p> <p>Балалар педагогтің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Балалар өз орындарына барады.</p> <p>Әуенге сай қимыл-қозғалыстар жасайды.</p>
--	--	---

	Балалар қолдарындағы карточкалар бойынша өз құлыптарын тауып салады.	
Рефлексиялық түзетушілік	<p>Қорытындылау. Жұмбақ шешеміз: Таба ала ма екенсіңдер, Атына сай балалар? Үшбұрыш, үш жағы бар, ол пішінді кім табар? Теледидар секілді, Кітап беті екен бе, Төрт бұрышы бар оны, Төрт қабырғасын санап ал, Шешіңдерші балалар, Бұл қай пішін, кім табар? Допқа өзі ұқсайтын, Домалайды тұрмайды. Ерекше бір пішін бар, Атын оның атаңдар. Тәтті қауын секілді, Жап-жасыл қияр ма екен. Білесіңдерме, балалар, Атын оның табар ма екен? -Жарайсыңдар, балалар! Біз пішіндер туралы біраз мәліметтерді біліп алған екенбіз. Енді біздің тобымызға қайтатын уақытымыз болды. Балалар сендерге саяхатымыз ұнадыма? «Бағалау» ойыны Балалар оқу қызметін смайликтер арқылы бағалайды. Педагог балаларды мадақтап, оқу қызметін аяқтайды.</p>	<p>Балалар жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін айтады. (үшбұрыш) (Төртбұрыш) (Дөңгелек) (Сопақша) Ойынға қызығушылық танытады. Смайликтерді көрсетеді. Топтарына кетеді.</p>


Күтілетін нәтиже:

Біледі: геометриялық пішін түрлерін және оның ерекшеліктері мен қасиеттерін;

Игереді: құммен сурет салуды; табиғи материалдармен жұмыс жасауды; пішіндергі сәйкес заттарды ажыратуды;

Меңгереді: жасанды қардан аққаланың дене бөліктерін жасап, бейне жасауды.

19.02.2021 жыл. № K00015



ОМУРКУЛОВА ЖАНАТ ОРЫНТУРЛИЕВНА

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Абайла, балақай!»

Мақсаты: Жол және адам өмірінің қауіпсіздігінің алдын алу.

Міндеті: Жол және адам өмірінің қауіпсіздігін балаға

түсіндіру;

Білімділігі: Балалардың бағдаршам туралы түсінігін кеңейту; жол ережелерінің маңызды екенін ұғындыру; жол ережелерін сақтауға тәрбиелеу;

Жүрісі:

-Балалар, бүгін аптаның қай күні? (Балалардың жауабы)

-Ендеше далаға көз салайық ауа-райы қандай екен? (балалар жауабы)

-Аспанда күн шығып тұр. Балалар таңертең балабақшаға келгенде ауа райы қандай болды? Не байқадыңдар? (балалар жауаптары)

Тәрбиеші:-Балалар, біз бүгін ерекше сабаққа қатысамыз. Сабақты бастамас бұрын шаттық шеңберіне тұрайық.

Шаттық шеңбері

Жалғайтын достастырып бар елменен,

Жолдардан тұрады зой әлем деген.

Бүгінгі бізге келген қонақтарға,

Сабағымыз басталсын сәлемменен!

Тәрбиеші:- Балалар, барлығымыз орнымызға жайғасып отырайық. Мен қазір сендерге мультфильм қойып беремін. Мұқият тамашалаңдар.

«Бағдаршам» туралы мультфильм қойып беру.

Тәрбиеші:

-Міне, балалар, мультфильмді тамашаладыңдар. Мультфильм не туралы екен?

-Бағдаршам қайда тұрады?

-Бағдаршамның қызметі қандай?

Балалардың жауаптарын тәрбиеші толықтырады.

-Мынау тұрған бағдаршам. Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Бағдаршамның сырын біліп, тілін алу баршамызға қажет. Балалар бағдаршам шамдарының қызметін білесіңдерме?

Балалардың жауаптары. Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда-тоқтаймыз.

Сары көзі жанғанда-дайындаламыз, Жасыл көзі жанғанда-жүреміз.

Тәрбиеші:- Балалар, енді мұқият мені тыңдаңдар. Бағдаршамның бірнеше түрі болады, мысалы, көлік қозғалысын реттейтін, жаяу жүргіншілер қозғалысын реттейтін, поездар қозғалысын реттейтін. Сендер мұны байқадыңдарма?

-Балалар, көліктер қозғалысын реттейтін бағдаршамның төменгі жағында жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам тұрады. ол бағдаршамның ерекшелігі оның екі көзі болады, яғни, қызыл көзі –тоқта, жасыл көзі жүре бер деген белгіні білдіреді. Ал поездар жүретін темір жолдарда да поездардың қозғалысын реттейтін бағдаршам болады. Енді балалар, біз жол ережелерінің өзімізге қажеттілерін біліп алу үшін мен осында Бағдаршамды қонаққа шақырған болатынмын.

Тосын сәт. *Бағдаршам кіріп балалармен амандасады.*

Бағдаршам:

-Балалар, мені қонаққа шақырғандарың үшін рақмет. Сендер жол тәртібін бұзбай бағдаршамды жақсы меңгерсеңдер менің сендерге сыйлығым бар. мен оны апайларыңа беріп кетемін. Балалар, бағдаршам туралы не білесіңдер?

Тәрбиеші: -Қош келдіңіз! Біздің балалар бағдаршам туралы жаттаған тақпақтарын сізге айтып бермекші.

Балалардың тақпақтары.

Бағдаршам:-Жарайсыңдар, балалар! Мен туралы бәрін біледі екенсіңдер. Енді сендерге мен жұмбақ жасырайын.

Жұмбақтар.

Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді ізетпен, Ысқырығы күзеткен. (Полиция)

*Жоқ өзінде бас та, ауыз да, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам)
Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)*

Бағдаршам: -Жарайсыңдар, сендер жұмбақты да жақсы шештіңдер. Рақмет сендерге балалар.

Тәрбиеші:-Енді Бағдаршам біздің балалармен бірге ойын ойнағың келеді ме?

Бағдаршам: -Әрине.

Ойын: «Белгіңе қарап жолыңды тап»

Шарты: зал ішінде алдын ала дайындалған жолдардан көрсеткен белгі бойынша өз жолын тауып, қозғалысты жалғастыру.

Тәрбиеші:

-Жарайсыңдар, ойынға жақсы қатыстыңдар. Енді балалар, тағы да бізге қажетті жол белгілерімен танысып алайық. Жол ережелерімен танысу үшін бізге инспектор жолдас қонаққа келген болатын. Топқа инспектор кіреді, балалармен амандасады.

Инспектор:-Жарайсыңдар, балалар, мұнда Бағдаршамда бар екен. Ендеше мен сендерге жол ережелерін үйретейін. Алдымен жолдағы қауіпті факторларды ескертіп өтейін:

Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. Жолдан өтерде жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт.

Егер жолдан өтуге үлгермей қалсаң, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдамасында» тоқта да, бағдаршамның жасыл түсінің жануын күт. Жолдан өтерде алдымен солға қара, ал бөлгіш жолақтан кейін оңға қара. Жолдан бағдаршамның тек жаяу жүргіншілерге арналған жасыл көзі жанғанда ғана өт.

Егер жаяу жүргіншелерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен көлік қозғалысына қарсы жүруге тиісті.

Келе жатқан машина алдынан жолды кесіп жүгірме.

Тәрбиеші:- Балалар, Инспектордың айтқанын жаттап алыңдар. Өйткені сендер күнделікті балабақшаға келгенде жолдан өткенде осы ережелерді сақтап, жолдан аман-есен өтіп, бақшамызға келесіңдер.

Инспектор:-Апайларың дұрыс айтады, қәне, менің айтқан жол ережелерін кім есте сақтады. Кім айтып береді?

Балалардың жауаптары.

Инспектор:-жарайсыңдар, енді мен жол белгілерінің кейбірімен таныстырып өтейін. Инспектор сурет арқылы жол белгілерімен және олардың атқаратын қызметтерімен таныстырады. Балалар менің жұмысыма баратын уақытым болып қалды, сау болыңдар! *Инспектор қоштасып кетіп қалады.*

Тәрбиеші:

-Енді балалармен бірге ән тыңдайық. *«Бағдаршам» әнін тыңдату. Қосылып қимылдар жасату.*

Тәрбиеші:

-Балалар, ән не туралы екен? Енді ойын ойнаймыз.

Ойын: « Бұл қандай белгі?»

Шарты:көрсетілген жол белгісін айтып, оның қызметін айтып өту.

Тосын сәт.

Топқа ақсаңдап Ақтөс кіреді.

Тәрбиеші:-Ақтөс саған не болған? Қайдан келесің? Мен Дәрігерді шақырайын. Телефон соғып дәрігерді шақырады. Дәрігер иттің аяғын байлап, көмек көрсетеді.

Дәрігер:- Ақтөс саған не болды аяғыңды қатты жарақаттап алғансың?

Ақтөс: -Мен көшеде доп қуып ойнап жүріп, көліктің келіп қалғанын байқамай қалдым. Содан көлік қатты жүріп келе жатқандықтан, аяғымды жарақаттап алдым.

Тәрбиеші: -Балалар,Ақтөс дұрыс жасадыма? Көшеде көліктер өтетін жолда ойнауға боладыма?

Балалардың жауаптары.

Дәрігер : -Міне, көрдіңбе, Ақтөс, жолда ойнауға болмайды екен. Мұны мына балалар да біледі екен, енді сен де мұқият есінде сақта.

Дәрігер қоштасып шығып кетеді.

Тәрбиеші: - Ақтөс, бүгін біз балалармен бірге жол ережелерін үйреніп жатырмыз, сен де бізбен бірге үйренгің келедіме?

Ақтөс келіседі.

Тәрбиеші: - Жол ережелерін тағы да қайталап түсіндіріп өтеді.

Ойын: «Бағдаршам»

Шарты: балалар шеңбер бойына тұрады. бағдаршамның қызыл көзін көрсеткенде артқа бір қадам аттайды, сары көзін көрсеткенде қозғалмай тұрады, жасыл көзін көрсеткенде алға бір қадам жылжиды.

Қорытындылау.

Тәрбиеші: -Балалар, бүгінгі сабағымызды өлең шумақтарымен қорытындалайық.

Көшеде біз сақ болайық, Қаймықпасын ата-ана.

Жолда сен бол лайық, Жақсы бала атыңа.

Тәрбиеші:

Шуақты өміріміз күндей күліп, Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт.

Арманға сапар тарту мүмкін, Жол жүру ережесін білмей тұрып.

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да, Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.

Жол жүру ережесі заңды тәртіп, Ол –ортақ, үлкен-кіші баршамызға!

-Балалар, сабақты бағалау үшін, қолдарымызға қызыл және жасыл дөңгелекшелерді аламыз. Сабақ ұнаған болса жасыл дөңгелекті «жасыл» қорапқа, ал ұнамаған болса қызыл дөңгелекті қызыл қорапқа саламыз.

-Балалар, бүгінгі «Абайла, балақай» тақырыбындағы сабағымызды аяқтаймыз. Сау болыңыздар!

19.02.2021 жыл. № K00016



ҚҰБАЕВА МЕРЕКЕ СҮНДЕТҚЫЗЫ
 Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы
 МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: Ертегілер әлемі
Білім беру саласы: «Қатынас»
Оқу қызметінің түрі: Көркем әдебиет

Мақсаты: Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беруге үйрету.

А) Білімділік: Пропп карта туралы білім беру, ертегі туралы білген білімдерін бекіту;

Ә) Дамытушылық: балалардың еске түсіру, қиялын, тілдік қатынастарын жетілдіру, сахналап, әңгімелеп беруге дағдыландыру.


Б) Тәрбиелеу: балалардың адамгершілік сезімдерін ояту.



Әдіс-тәсілдер: сұрақ- жауап, әңгімелеп беру, мәнерлеп оқу, көрсету, талдау, пропп картамен жұмыс жасау, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий әдісі, сюжеттік-рөлдік ойын, алты қалпақ, Мурашковский әдісі.

Билинг- компонент: аю- bear, тышқан- mouse, қоян –rebbit,

Сөздік жұмыс: Жауап қатпады –ешкім жауап қайтармады.

Пайдаланатын құралдар: Пропп карталар, ертегі мазмұнына сәйкес салынған суреттер, етістікті тірек-сызбалар, Кольцелулий карталары, дүрбі, магнитафон, 3D көзілдірігі т.б.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбер: «Сиқырлату» М: Понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсете білуге үйрету. Дид. ойын: «Аңдардың тіршілігін ажырат» (Кольцеулий әдісі арқылы) 	Балалар понтамимо арқылы жануарлардың қимылын көрсетеді. Кольцелулий әдісі арқылы аңдардың тіршілігін ажыратады.

	<p>М: берілген аңдардың атын атап, қажетті суретпен сәйкестіруге , өзгергенін ажырата алуға үйрету.</p> <p>-Ертегілерде аңдар кездесе ме? -Қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Олай болса мен сендерді Ертегілер еліне апарып, театрда «Үйшік» ертегісімен танысамыз.</p>  <p>Алдын-ала мен билет алып қойдым, барып Сиқырлы кілемшеге отырып ұшып барайық.</p>	<p>(Білгендерін айтады) Берілген аңдарды атап, қажетті суретті тауып, сәйкестіреді. -Иә, кездеседі. -«Аю мен Маша», «Түлкі мен қоян», «Үш аю», «Бауырсақ» т.б. Балалар сиқырлы кілемшеге отырып, Ертегілер еліне әуен арқылы ұшып барады. «Үйшік» ертегісімен танысады. Балалар билеттерін алып, сәйкес суретке барып отырап, көзілдіріктерін киеді.</p>
<p>Ұйымдастыру-ізвестіру</p>	<p>Ертегіні театрға барып, 3D көзілдірігін киіп, ертегімен танысады.</p>  <p>Мурашковский әдісі арқылы ертегімен таныстыру.</p>	<p>Балалар театр орталығына барады. Ертегімен танысады.</p> <p>Мурашковский әдісі арқылы ертегімен</p>



Алаңда бір үйшік тұр екен. Жертесер тышқан жүгіріп келіп.....

Жаңа сөзбен таныстыру: «Жауап қатпады»


-Үйшікте не байқап қалды?

-Одан кейін нелер келді?


-Соңында үйшікпен не болды?

Сергіту сәті:

Етістікті тірек-сызба арқылы қимылдар жасайды.



Балармен қайтадан топқа оралып, ертегіні Пропп картаға салып әңгімелеу.



танысады.

Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады.

Ертегінің мазмұнын тыңдап отырады.

Жаңа сөзбен танысады.

-Қоян кездесті.

-Түлкі, тышқан, аю...

-Жаңадан үй салды.

Етістікті тірек-сызбалар арқылы жаттығу жасайды.

Карточкаларды көрсетіп, ертегіге

салынған белгілерді ажыратады.

Ертегіні Пропп карта арқылы тамашалайды.

Ортаға екі бала шығып ертегіні әңгімелеп береді.

Рефлексивті - түзетушілік	6 қалпақ арқылы қорытындылау: -Көңіл күйін қандай? -Қандай әрекет жасадың? -Шығармашылық -Қандай жаңалық алдың? -Пропп картаме не істедік? Бағалау: «Смайликтер» арқылы мадақтау.	-Көңіл күйім жақсы. -Театрға барды, ертегі тындадым. -Ертегіні әңгімелету. -Жаңа сөзбен таныстым: Жауап қатпады. -Пропп карта арқылы ертегімен таныстық.
---------------------------------	---	--


Күтілетін нәтиже:

Не білді? Пропп карта туралы түсінік алды;

Не меңгерді? Ертегіні әр түрлі тәсілдер арқылы әңгімелеп береді;

Не игеру керек? Ертегіні пропп картаға салып әңгімелеп беріп, сахналай алады.

19.02.2021 жыл. № K00017



НУРЫМБЕТОВА МАЙРА ОРЫНБАСАРОВНА

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы

МКҚК «Күйкен» бөбекжайының тәрбиешісі

Тақырыбы: «Балабақша өз үйім»

Мақсаты: Балаларды әсем бақшамызбен және оның тыныс-тіршілігімен

таныстырамын. балабақша қызметкерлерін силауға, құрметтеуге, олардың еңбегін бағалауға үйретемін. Балалардың тілін дамытамын, сөздік қорын молайтып, еркін сөйлеу дағдысына тәрбиелеймін.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Қажетті көрнекі құралдар: суреттер

Қостілділік компонент/биллингвальный/: балабақша-детский сад, балалар-дети.

Қызмет кезеңі	Тәрбиешілердің қызметі	Балалардың қызметі
	Балаларды шаттық шеңберге жинаймын. Күн сәуле шашқаның үшін рахмет Бұлт жаңбыр сепкенің үшін рахмет Аспан таза ауаң үшін рахмет Ағаш көлеңкең үшін рахмет.	Балалар шеңбер бойымен тұрып өлең жолдарын қайталайды.
	-Балалар біздер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз? -Дұрыс айтасыздар, бақшамызға келеміз. - Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады? - Дұрыс, балалар. Балаларға балабақшамыздың макетін көрсетіп, оның құрылысы мен әсемдігін әңгімелеймін. -Балалар балабақша сендерге ұнай ма? -Балабақшада сендер не істейсіңдер? -Еңдеше бақшамызға келіп үйренген бір әнімізді шырқап көрейік. -Әнді сендер өте жақсы айттыңдар. -Ал енді қандай ертегілер білетіндеріңді айтыңдаршы?	Балабақшаға келеміз. -Апайларды көреміз -Ұнайды. -Ертегі айтуды, өлең айтуды, би билеуді, ойын ойнауды үйренеміз.

	<p>- Балалар, балабақшаның ішіне саяхатқа барғыларың келе ме? Балалармен балабақша ішін аралаймын, оларға қызметкерлердің еңбегі жайында әңгімелеймін.</p> <p>Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық Қолымызды созайық Оңға қарай иіліп Солға қарай иіліп Белімізді жазайық Отырайық, тұрайық Біз тынығып алайық. Балалар, балабақшамыз жайында тақпақтар айтып көрейікші: Айша Бұл - екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз. Миржан осы үйдің гүліміз, Біз- осы үйдің сәніміз. -Балалар балабақшада тек өлең, тақпақ, ертегі, би үйреніп қана қоймайсындар, мұнда сендер достарыңды силауды, үлкендерді силауды, кішіге қамқор болуды, отаныңды сүюді, адамдарға жақсылық жасауды, адамгершілік қасиеттерді үйренесіңдер.</p>	<p>Балалар «сылдырмақ» өлеңін айтып береді. -«Бауырсақ», «мақта қыз»т.б -Барғымыз келеді.</p> <p>Балалар өлең жолдарын қимылмен қайталайды.</p> <p>Балалар үйренген тақпақтарын айтады.</p> <p>Балалар бар ынталарымен мұқият тыңдайды.</p>
	<p>-Балалар біздің отырған үйіміз қалай аталады? -Балабақшада кімдер жұмыс жасайды? -Балабақшада сендер не үйренесіңдер? -Сендерге кім тамақ пісіреді? -Сендерді кім емдейді? - Сендерге кім қамқор болады?</p>	<p>-Балабақша деп аталады -Ағайлар, апайлар. -өлең, би, ертегі, тақпақ айтуды. -аспазшы апайлар -медбике апай -тәрбиеші апайлар.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Балабақша екінші үйлері екенін

Қандай түсініктерді игерді: Балабақша қызметкерлерінің еңбектерін

Меңгерген дағдылары мен түсініктері. Балабақша қызметкерлерін сипап, құрметтеуді.

МАЗМҰНЫ

- ОТЕБАЕВА ЗИЯДА СЕГИЗБАЕВНА
- КУПТЛЕУОВА ГУЛСАРА ПОЛАТОВНА
- ИСАЕВА ДАРИҒА КОНГРАТБАЕВНА
- АЙЛАЕВА ҰЛМЕКЕН САЙКОМҚЫЗЫ
- ӨТЕҒҰЛОВА АЙҒАНЫМ ҒАБДОЛЛАҚЫЗЫ
- ТИЛЕГЕНОВА ЖУЛДЫЗ САПАРБАЕВНА
- ТАСБОЛАТОВА МӨЛДІР НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ
- БИСЕНОВА ЖҮРСІНАЙ ХҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ
- ШЕРКЕШБАЙ БАҒИЛА ЖАЛИТҚЫЗЫ
- СЕЛБАЕВА ГУЛШАТ МАНҒЫТАЕВНА
- ОМУРКУЛОВА ЖАНАТ ОРЫНТУРЛИЕВНА
- ҚҰБАЕВА МЕРЕКЕ СҮНДЕТҚЫЗЫ
- НУРЫМБЕТОВА МАЙРА ОРЫНБАСАРОВНА